БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 80 (9142) | 1953 жылғы 19 апрель Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің халықаралық ынтымақ күні—Бірінші май мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты шаруашылықтың барлық саласында барған сайын өрістете отырып, өндірістік жаңа табыстарға жетейік!

Мал жайылымы үлгілі ұйымдастырылсын

Социалистік ауыл шаруашылығының маңызды саласы —мал шаруашылығын онан сайын өркендету бесінші бесжылдықтағы басты міндеттердің бірі. Г. М. Маленков жолдас партияның XIX съезіне жасаған есепті баяндамасында: «Мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, сонымен бірге оның өнімін мықтап арттыру болып қала береді... Мал шаруашылығын өнімі мол, товарды мол беретін және табысты шаруашылық етіп өркендету қажет» деп атап көрсетті.

Қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру жөнінде алға қойылған мұндай күрделі міндеттерді аброймен орындау әрбір колхоз, совхозда және әрбір фермада малдың бүкіл жыл бойына жақсы күтімде болуына тікелей байланысты. Әрдайым тыңғылықты күтімде болған малдың шығынсыз, күйлі өсірілетіні және оның өнімді мол беретіні тәжрибеден айқын көрініп жүр. Олай болса, мал өсірудегі табыстың кілті — оның күтімін тыңғылықты ұйымдастыруда.

Кәзір облыс мал өсірушілері мал шаруашылығының шешуші және аса жауапты кезеңінде отыр. Даланың қардан арылуына байланысты колхоздар мен совхоздарда малды жайып бағу басталды. Қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру міндетін ойдағыдай жүзеге асыруда малды жайып бағуды тыңғылықты ұйымдастырудың зор маңызы бар. Демек, партия, совет ұйымдары және колхоз, совхоз басшылары, әсресе, ферма меңгерушілері малды жайып бағуды көктемнің алғашқы күндерінен бастап үлгілі ұйымдастыруға жетісуге міндетті.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздарының малшылары Май мерекесін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, қоғамдық малды жайып бағуды осы күннен үлгілі ұйымдастыруда. Бұл жөнінде Петропавл ауданы кәзір, көктемнің алғашқы күндерінен бастап үлгілі ұйымдастырып, жайылымдық жерлердің тиімді пайдаланылуын, онда малдың дұрыс бағылуын қамтамасыз ету колхоз, совхоз басшыларының, әсресе, ферма меңгерушілерінің ең басты міндеті болып табылады.

Жасыратыны жоқ, быйыл облыстың бірқатар колхоз, совхоздарында мал қыстан күйсіз шықты. Ал, мұндай шаруашылықтарда малдың көктемгі -жазғы жайылымы мейлінше жақсы ұйымдастырылуға тиіс. Тек сонда ғана малды тез оналтып, одан мол өнім алуға болады.

Малды жайып бағу ісінде ешқандай кемшіліктерге жол беруге болмайды. Бұл іс әрбір фермада тыңғылықты жүргізілуге тиіс. Істің тетігі —барлық жерде жайылымды жоспарлы түрде тиімді пайдалануда, оған малды дұрыс жая білуде. Ол үшін алдымен әрбір колхоз бен совхозда, сондай-ақ әрбір фермада кәзірден бастап мал жайылымдарын пайдаланудың күндік, айлық және маусымдық графигін тыңғылықты түрде жасау керек. Онда малдың тойына оттап, күйлі өсірілуінің барлық шаралары белгіленетін болсын. Бұл графикті жасауға мал өсірушілер, зоотехниктер мен малдәрігерлері кеңінен қатыстырылуға тиіс.

Мал жайылымын ұйымдастыру жөнінде шаралар белгілеу —істің бастамасы ғана. Негізгі міндет —осы белгіленген шаралардың орындалуын қамтамасыз етуде. Партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары және колхоз, совхоз басшылары мал жайылымы графигінің мінсіз жүзеге асырылуына жетісуге міндетті. Олар, әсресе, малдың шабындық жерлерге түспей, график бойынша арнаулы жайылымдарда ғана бағылуын ұйымдастыра білуге тиіс.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында: «Бір сыйырдан сауылатын сүттің мөлшері Солтүстік-Шығыс Қазақстан [illegible] 1500—1600 [illegible]

Облысымыздың егіс даласында

Зор ұйымшылдық

Асанов МТС-ніің алдыңғы қатарлы трактор бригадалары дала жұмыстарын үлгілі әзірлікпен қарсы алды. МТС-тің «Красный пахарь» колхозында жұмыс істейтін Вольф жолдас басқарған № 1 трактор бригадасы көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарына бірінші болып кірісті. Бұл бригада аталған колхоздың И. Томас жолдас басқарған бригадасының егіс даласында жұмыс істейді. Екі бригада үстіміздегі жылы көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізу жөнінде бір-бірімен өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Кәзір екі бригада да алған міндеттемені аброймен орындау жолына өздерінің күш-мүмкіншіліктерін аямай жұмсауда.

Кәзір екі бригада да мол өнім жолындағы шешуші кезең —көктемгі дала жұмыстарына қызу кірісті. Дала жұмыстарының алғашқы сағаттарынан бастап-ақ, олар жұмысты тығыз ынтымақпен істеуде. Егіс бригадасы трактор бригадасын не керектің бәрімен, әсресе, тіркеушілермен, жанар, жағар майын және су тасушылармен жеткілікті қамтамасыз еткен. Механизаторлардың жұмыс істеуіне қажетті басқа да күш-көлікті мол бөлген. Бұл дала жұмыстарын тез және сапалы жүргізуге зор мүмкіншіліктер туғыза бастады. Ол дала жұмыстарының алғашқы сағаттарының өзінен-ақ айқын көрінді. Пар мен зябь тырмалауға кіріскен бригаданың тракторшылары жұмысты өнімді істеуге жетісті. Соның нәтижесінде колхозда алғашқы бір-екі күнде 300 гектар пар мен зябь тырмаланып, ылғал жыйналды.

Егісті тырмалауда тракторшылар П. Нәцерюс, М. Вольф жолдастар үздік еңбектерімен көзге түсті. Олардың әркайсысы өз трактөрларымен жұмысты өнімді істеп, егістік алаңды тез және сапалы тырмалаудың үлгілерін көрсетті.

Осы сыяқты, дала жұмыстарына Петропавл ауданының «Қазақстанның 30 жылдығы», Калинин атындағы колхоздары да кірісті.

Мал өсірушілер Май мерекесіне өндірістік тартулар әзірлеуде

☆ ☆ ☆

Мал шаруашылығындағы жұмыстарды кеңінен механикаландырамыз

Фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру қоғамдық мал басының жедел өсіп, оның өнімділігінің арттырылуын қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыруда біздің МТС бірқатар жұмыстар істеді. Соңғы жылдары МТС мал азығын дайындау жөнінде колхоздарға бірқатар көмек көрсетті. Әсресе, шөп шабу, оны қоралар жанына тасу механика күшімен атқарылатын болды.

Кәзір МТС қамтуындағы екі колхозда жел двигателі жұмыс істейді. Ол колхоздарда мал суару, азықтандыру жұмыстары негізінен механика күшімен атқарылады. Осымен бірге сыйыр сауу, қой қырқу, май айыру сыяқты күрделі жұмыстар да біртіндеп механикаландырылуда. Өткен жылы төрт колхозда қой электр қайшыларымен қырқылды.

МТС мал қыстатуда колхоздарға едәуір көмек көрсетіп келді. Өткен қыста үш трактормен шөп тасылды. Олар 49 мың 244 тонна-километр жұмыс атқарды. Осы сыяқты, 3 жемшөп тұрағыш, ұнтағыш агрегат жұмыс істейді. Олармен колхоздарда жай жемшөп малға әзірленіп берілді.

Алайда, МТС-те мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру ісі әлі өз дәрежесінде емес. Өсыған сәйкес МТС алдағы уақытта мал шаруашылығындағы күрделі жұмыстарды механикаландыру саласында бірқатар шараларды жүзеге асыруға ұйғарып отыр. Үстіміздегі жылы МТС-те колхоздарда мал азығын дайындауда бірталай жұмыстар істелмек. Біз шөп шабу, жыйнау, маялау және оны қоралар жанына тасу жұмыстарын толық механикаландырамыз. Колхоздарға 8 мың [illegible] механикаландырылады. Осы жылы «Колос» колхозында сыйыр сауатын агрегат жұмысқа қосылады. МТС барлық колхоздарға қойды электр агрегаттарымен қырқып береді.

Бұл жұмыстарға әзірлікті кәзірден бастап қолға алдық. Мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыруда кадрлар негізгі тұлға. Осыны ескеріп, кадрлар даярлауға әйырықша көңіл бөліп отырмыз. Кәзіргі уақытта жел двигателін, мал азығын өңдейтін, қой қырқатын, сыйыр сауатын агрегаттарды, шөп машиналарын іске қосатын бірнеше адамдар арнаулы курстарда оқып, даярлануда.

Айта кету керек, кейбір колхоз басшылары мал шаруашылығындағы күрделі жұмыстарды механикаландыруға жеткілікті қам жасамайды. Бұл жөнінде олар МТС-пен ынтымақтаса жұмыс істемей жүр. Колхоз председательдері тек МТС-ке ғана сеніп, мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру ісімен мүлде айналыспайды. Бұл мүлде дұрыс емес. Колхоздар мал шаруашылығындағы күрделі жұмыстарды механикаландыруға МТС-пен бірдей араласуға тиіс. Сталин атындағы және «Путь к коммунизму» колхозында жел двигательдері басқарма мүшелерінің кінәсінен жұмысқа қосылмай келді. Бұларда су алатын шыңырау құдықтары қысқы маусымға әзір етілмеді. Аманкелді атындағы колхозда өткен жылдың өзінде жел двигателін орнату ұйғарылған еді. Бірақ, не пайда, колхоз басшылары жел двигателін орнатуды осы уақытқа дейін қолға алмай келеді.

Осы сыяқты, МТС мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру жө-

Бұл—еңбек жемісі

С. Мәселов жолдас Совет ауданындағы Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің қой фермасында бірнеше жылдан бері шопан болып істейді. Осы мерзім ішінде ол колхоздың қой шаруашылығын өркендету ісіне өз үлесін қосты. Бұған оның соңғы кездегі еңбек көрсеткішін айтудың өзі-ақ жеткілікті. Шопан, әсресе, мал қыстатуда үздік табыстарға жетті.

Шопан мал қыстату маусымына күнібұрын тыңғылықты әзірленді. Қарамағындағы қойларды жылы, жарық қоралармен, құнарлы жемшөппен қамтамасыз ету, оны қыстаулар жанына тасу ісіне белсене қатысты. Сөйтіп, малды қолда бағып-күту ісіне ол осындай әзірліктен кірісті. Бұдан кейін үлгілі шопан қарамағындағы қойларды тыңғылықты күтімге алып, олардың күйін төмендетпей өсіруге жетісті және кәзіргі уақытта да қойды күйлі өсіру ісіне күш жұмсап жүр.

Ферма жаншай төл алу науқаны басталды. Қарт шопан мұны да табысты өткізуде. Кәзірдің өзінде ол қойды аман қоздатып, одан қозыны көп алуда. Алынған жас төлдердің бәрі күнібұрын әзірленген төл үйлерінде бағылып, күтіледі. Сол сыяқты, төлдеген және төлдейтін қойлар да жылы, жарық қораларда бағылып, құнарлы жемшөппен азықтандырылады.

Озат шопан өзінің осындай адал еңбегі арқасында мал шаруашылығын өркендету ісінде күрделі табыстарға жетіп отыр. Шопан бұл күндері қойды біртіндеп жайылымда бағуда.

Қ. ӘБІЛОВ.

Табыс жолында

Бұл күндері Тоқпын совхозының қолективі қоғамдық малдың күтімін жақсартып, оның өнімділігін молайта түсуде.

Әсресе, сауыншылар келелі табыстарға

нындағы Сталин атындағы колхозды мысалға алуға болады. Мұнда мал қыстан шығынсыз, күйлі шығарылды. Колхозшылар енді малды жайып бағуды да дұрыс ұйымдастыруға күш жұмсап отыр. Мұнда әрбір ферма бойынша жайылымды пайдаланудың, оған мал өргізудің арнаулы жоспары жасалған. Кәзір ол колхозда мал жайылымдарда бағыла бастады. Малшылар малды күнібұрын іріктеп алынған жайылымдарда бағады. Бұл малдың тойына оттауына, оның күйінің жақсара түсуіне мүмкіндік беруде.

Малды жайып бағуды көктемнің алғашқы күндерінен- ақ тыңғылықты ұйымдастыра бастаған колхоздар облысымызда аз емес. Бірақ, малды жайып бағу барлық жерде осылай үлгілі ұйымдастырылуда деп айта алмаймыз. Облыстың бірқатар колхоздарында малды жайылымда бағуға жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Мұндай шаруашылықтарда мал кез-келген жайылымға бағылып жүр. Колхоз басшылары, әсресе ферма меңгерушілері малдың әрбір табынына жайылатын жерді үнілгері бөлгілеп беріп, оның дұрыс бағылуын қамтамасыз етуге жеткілікті қамқорлық жасамайды. Соның салдарынан малдың қайда болса сонда —шабындыққа да, жайылымға да бағылуына жол беріліп отыр. Мұндай фактілерді Октябрь, Пулаев, Мамлют, Соколов және басқа да аудандардың бірнеше колхоздарынан кездестіруге болады.

Малды жайып бағу — мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттырудағы аса жауапты кезең дейік. Сондықтан бұл жұмыс дейін жеткізілсін» делінген. Біздің облыс жағдайында сүттің дені көктемгі- жазғы маусымдарда алынатыны белгілі. Сүтті көп алу үшін сауын сыйырларды жайып бағуды тыңғылықты ұйымдастыру қажет. Бұл мақсатпен сауын сыйырларды түнде жайып бағуды, оны жайылым басында саууды қолданған жөн.

Қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттырудың кілті—малшылардың қолында. Олай болса, әрбір фермада малды жайып бағуға бақташыларды іріктеп алу керек. Бұл жұмысқа малды жайып бағуды жақсы білетін, тәжрибелі колхозшыларды бөліп, олардың өнімді еңбек етуіне қажетті жағдайлар жасау қажет.

Малды жайып бағу кезінде зоотехниктер мен малдәрігерлеріне зор міндеттер жүктеледі. Олардың кәзіргі орны — мал жайылымдарында. Олар малға жайылым басында тыңғылықты зоотехникалық күтім жасауға тиіс.

Колхоз, совхоз партия ұйымдарының негізгі бір міндеті малшыларға малды жайып бағудың озат тәжрибесі мен әдістерін кеңінен таратып, оның өндірісте батыл қолданылуын қамтамасыз ету.

Малдың жазғы жайылымын тыңғылықты ұйымдастырып, бесінші бесжылдықтың үшінші жылында қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жаңа зор табыстарға жету —облыс мал өсірушілерінің бүгін таңдағы ең басты міндеттерінің бірі. Ал, партия, совет ұйымдары мал өсірушілерді бұл міндетті аброймен орындауға жұмылдыра білулері керек.

Еліміздің егіс даласында

Барлық жұмыс сағаттық график бойынша жүргізілуде

ДНЕПРОПЕТРОВСК. Облыс МТС-терінің механизаторлары жұмыстың барлық түрінде сағаттық графикті қолдана отырып, тракторлардың жұмыс өнімділігін арттырды, соның нәтижесінде апрельдің алғашқы жартысында 4 миллион гектар жерді өткен жылғыдан артық өңдеді.

Механизаторлардың Май алдындағы жарысын бастаған Апостол ауданындағы Кострома МТС-нің коллективі сағаттық графикті қолдану арқасында жұмыстарды орындау мерзімінің үштен бірін қысқартты. Зябь тырмалау жұмысы 12 сағаттан орындалды, ерте егілетін масақты дақылдар екіжарым күннің ішінде себілді. Күздік егісті тырмалау өткен жылғы 5 күннің орнына —3 күннің ішінде орындалды. Бүгін пар жырту жұмысы аяқталды.

(СОТА).

Зығыр өсіруді механикаландыру

ЧЕРНИГОВ. Облыстың колхоздары зығыр егуге кірісті. Бұл дақылға бұрын басқа дақыл егілген жақсы жерлер бөлінді. Мысалы көкжылдық шөп егілген жердің көлемі өткен жылғыдан екі есе артық бөлінді.

Облыста зығыр өсіруді комплексті механикаландыру ісі жүзеге асырылуда. Барлық жұмысты —тұқым себуді, өнім жыйнауды, бастыруды және ағаш өңдеуді МТС-тердің ең жақсы техникасы орындайды. Зығыр шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру үшін жаңадан 400-ге жуық машина алынды.

16 апрель. (СОТА).

Өзбекстан совхоздары мақта егуді аяқтады

ТАШКЕНТ. Өзбекстан совхоздары мақта егуді аяқтады. Жұмысшылар, агрономдар мен инженер- техник қызметкерлер мақтаның қаулап көктеуі жолында кең көлемді күрес жүргізіп, барлық егісті бірінші рет баптау жұмысын 1 майға дейін аяқтауға үйгарды.

(СОТА).

Кәзір аудан колхоздарының егіншілері Май мерекесі қарсаңында жаңа табыстарға жетуді өздерінің алдына негізгі міндет етіп қойып отыр.

Е. ЖҮЗЕНОВ.

Мол өнім үшін күрес

Ленин ауданында колхоздар көктемгі дала жұмыстарына шығып жатыр. Ауданда «Новый путь» колхозы егіске бірінші болып шықты. Алғашқы сағаттарда бұл колхозда 25 гектардан аса жер жыртылды. Осымен бірге, колхозшылар пар мен зябьті тырмалау жұмыстарын да қызу қолға алды. Бұл жұмысқа механизаторлар белсене кірісті. Мұнда кәзір 50 гектарға жуық жер тырмаланып, ондағы ылғал жабылды.

Бұдан кейін егіс жұмыстарына ідешалы кіріскен «Бұлақ», «Новая жизнь» колхоздары. Бұл колхоздардың егіс және трактор бригадалары тұгелдей егіс басына шыққан. Алғашқы күндерде егіншілер жерге плуг пен тырмаларды бірдей салды. Дала жұмыстарын егіншілер алғашқы сағаттардан бастап-ақ ынтымақтаса жүргізуде.

Егіс жұмыстарының көлемі барған сайын үлғая түсуде. Аудан колхоздары дала жұмыстарына бірінен соң бірі шығып жатыр. Кеше егіс жұмыстарына Молотов атындағы колхоз да кірісті. Бұл колхоздың егіншілері дәнді дақылдарды қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде сеуіп, үстіміздегі жылы егіннің әрбір гектарынан 15—16 центнерден өнім алуды қамтамасыз етпек.

В. ВОЛОШИН.

Малдың күтімі жақсы, күйі жоғары

Артель мүшелері партияның XIX съезінің қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қарарларын жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізуде. Олар бұл жолда бірқатар табыстарға жетіп келеді.

Малды шығынсыз, күйлі өсіру малдың күтімін ойдағыдай ұйымдастыруға байланысты екенін колхозшылар жақсы біледі. Сондықтан, олар мал қыстатуға үлгілі әзірлікпен кіріскен- ді. Қоғамдық малды құнарлы жемшөпмен, жылы қоралармен қамтамасыз етті. Колхозшылар мұнымен де қанағаттанған жоқ. Олар қыстың алғашқы күндерінен бастап малға тыңғылықты күтім жасады. Әрбір фермада мал мезгілімен азықтандырылып, суарылды. Олардың қоралары жылы, таза ұсталды. Жемшөп күн сайын норма бойынша жұмсалды. Сөйтіп, бізде барлық мал жазға жоғары күймен шыққалы отыр.

Қысқы маусымда малды қолда бағуға тәжрибелі, іскер колхозшыларды бөлдік. Олардың өнімді жұмыс істеуіне жағдай жасалды. Малшылар малды дұрыс жайлап, күйлі өсірудің үлгілерін көрсете білді. Олай болса, малдың күйлі өсірілуі—еңалдымен малшылардың өнімді еңбегінің нәтижесі.

Мал қыстатуда Т. Иманбаев жолдастың еңбегі айта қаларлықтай. Ол бірнеше жылдан бері жылқы бағып келеді. Содан бері оның алдынан жылқы шығыны болып көрген жоқ. Тәжрибелі жылқышы быйыл да қарамағындағы жылқыларды тыңғылықты күтімде ұстап, күйлі өсіруде. Жалғыз ол емес, мал қыстатуда Жалтыров, Жыңғылбаев жолдастар да қажырлы еңбегімен көзге түсуде. Олар қарамағындағы қойды қыста шығынсыз өсірді.

Кәзір колхозшылар өздерінің күш-жігерін қол жеткен табысты баянды етіп, малдың жазғы жайылымын үлгілі ұйымдастыруға әзірленуде.

Б. ҚАНАПИН,
Октябрь ауданы, «Қызыл ту» колхозының председателі.

шөп сүрлеп береміз. Сүрленген мал азығын сақтайтын 5 мың текшеметр жамбы қазылады.

Мал фермаларындағы күрделі жұмыстарды да кеңінен механикаландырамыз. Быйыл Каганович атындағы және Аманкелді атындағы колхоздардың мал фермаларында жел двигателі орнатылады. Бұл колхоздарда мал азықтандыру жұмыстары толығынан механика күшімен атқарылатын болады. Мұның өзі малды бағып күтуісін жақсартады және малшылардың еңбегін жеңілдетеді. Қой қырқу, сыйыр сауу, май айыру жұмыстары да кеңінен механикаландырамыз. Оған күш- мүмкіншілігіміз жеткілікті.

И. ЯУФМАН,
Шағлы МТС-нің механигі.

шылары Б. Қоқыбаева, А. Цыганова жолдастар қарамағындағы сыйырлардан сүтті көп алып келеді. Қоқыбаева жолдастың қарамағында 12 сауын сыйыр бар. Кәзір бұдан 10 сыйыр бұзаулады. Озат сауыншы сауын сыйырлардың күтімін зоотехникалық ережелерге сай ұйымдастырған.

Совхозда мұндай сауыншылар көптеп саналады. Сауыншылардың өнімді еңбегі өзінің игілі нәтижесін беруде. Совхоз сүт дайындаудың бірінші тоқсанға арналған жоспарын артығымен орындап шықты.

Совхоз мал өсірушілері қол жеткен табыстарына масаттанбайды. Алдағы уақытта да олар мал өсіруде күрделі табыстарға жетеді. Бұған олардың жемісті еңбегі айғақ.

Ж. БӘКЕНОВ.

Қозылар шығынсыз өсірілуде

«Путь к коммунизму» колхозының (Преснов ауданы) қой фермасында қозы алу үлгілі өткізілуде. Алынған қозылар шығынсыз, күйлі өсірілуде.

Шопандар қозыларды дұрыс бағып, күтеді. Олар қозы күтуде зоотехникалық ережелерді қолданып отырады.

Ферманың таңдаулы шопандары Ф. Васченко, А. Карапеева жолдастар қозыны осылай күтіп бағады. Олар 1 Май құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасып, қозыны жайлап бағуды да үлгілі ұйымдастырмақ.

Фермада кәзір ірі қойлар жайылымға шыға бастады. Күн өбден жылынып көк шыға бастасымен қозыларды жайылымда бағады. Қозы күтушілер бұл күндері қозыны көктемде жайып бағуға әзірленуде.

Б. НЕКІБАЕВ.

Коммунизмнің ұлы құрылыстары—бүкілхалықтық іс





СУРЕТТЕ: (оңнан солға карай) **Сталинград су электр станциясының құрылысы.** Волганың оңжақ жағасын Песчаный аралымен қосатын аспалы жолды монтаждау жұмысына әзірлік қызу жүргізілуде. Песчаный аралында тіректі бетондау. **Каховка су торабы** құрылысшыларының коллективі Днепрдегі сталиндік ұлы құрылысты мерзімінен бір жыл бұрын аяқтауға міндеттеме алған. Олар міндетте мені орындау үшін қажырлылықпен еңбектенуде. Кеме жүретін шлюз құрылысының участогінде жұмыс.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Цимлян теңізінде

ЦИМЛЯН ПОРТЫ. 16 апрель. (СОТА). Көктемде еріген қар суы сансыз көп сайлар мен жыралар арқылы Цимлян теңізіне келіп құйылуда. Быйыл су тасқыны өте күшті: су торабының темір бетон плотинасы тұсында судың деңгейі кәзірдің өзінде өткен жылғы ең жоғарғы белгіден 1 метр биіктеді. Судың мол болуы электр қуатын өндіру жөніндегі тапсырманы бұған дейін де үнемі асыра орындап келген Цимлян СЭС-і коллективінің жаңа жеңіске жетуіне мүмкіндік берді, бұл күндері станция гидроагрегаттардың жобадағы қуатын анағұрлым арттырды.

Қалач порты және Цимлян теңізінің едәуір бөлегі кәзірдің өзінде мұздан тазарды. «Суворов» пароходы порттың акваториясы бойынша алғашқы сапарға шығып кайтты.

Цимлян су торабының кеме қатынайтын құрылыстары Волга-Донда кеме жүзудің екінші маусымының басталуына жақсы әзірленген. Бүкіл канал бойында шлюздердің, насос станцияларының, артық суды ағызатын құрылыстардың электромеханикалық жабдықтары толық жөнделген.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Насихатшы және оның тыңдаушылары

Александр Ефимович Лишин— паровозшылардың цех партия ұйымының секретары философияны үйренетін үйірменің насихатшысы болып істейді. Біз бұл әңгімеде оның насихатшылық жұмысына тоқталмақпыз.

Александр Ефимович насихатшылық жұмысқа мұнан он жыл бұрын, Отан соғысы кезінде араласты. Осы уақыттың ішінде ол басқарған үйірмелерде жүздеген тыңдаушылар оқыды. Олардың көпшілігі кәзір партия, совет және шаруашылық жұмыстарда жауапты қызметтер атқарады.

Липин жолдас басқарған үйірме қала партия оқуы жүйесіндегі ең таңдаулы үйірмелердің бірінен саналады. Насихатшы қажырлы еңбегінің нәтижесінде тыңдаушылардың материалды жақсы үйренулеріне жетісіп келеді. Липин жолдастың өткізген әрбір сабағы идеялық-теориялық дәрежесінің жоғары болуымен ерекше көзге түседі.

Насихатшының жұмысының табысты болуы оның сабаққа тыңғылықты дайындалуына тікелей байланысты екені мәлім. Липин жолдас қосымша әдебиеттерді көп оқу, көрнекі құралдарды дұрыс іріктеп алу, өзінің әңгімесін дұрыс құру үшін көп уақыт жұмсайды. Ол консультация алу үшін партия кітапханаларында жиі болады.

Александр Ефимович көп оқиды. Оның үйіндегі кітапханасында 500-ден астам кітаптар бар. Насихатшының кітапханасынан В. И. Ленинін және И. В. Сталиннің Шығармаларының толық жиынақтарын, сонымен қатар, онан Горькийдің, Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың шығармаларын көресіз.

Насихатшы Липин программалық материалдың кәзіргі оқиғалармен, коллективтің алдында тұрған кезекті міндеттермен тығыз байланыстыра білуге ерекше назар аударады. Бұл пікіріміздің дәлелдеу үшін бірер мысал келтірейік.

Соңғы сабақтардың бірінде партияның XIX съезі директиваларында өнеркәсіп пен транспортты онан әрі өркендету жөнінде көрсетілген міндеттер туралы әңгіме өтті. Тыңдаушылар өнеркәсіп пен транспортты өркендетудің жаңа ұлы жоспары, бұл жоспарды жүзеге асыруда совет адамдарының алдында тұрған міндеттер туралы айтты. Насихатшы әңгімені шеберлікпен ұйымдастыра отырып, тыңдаушыларға «Петропавл жол бөлімшесінің теміржолшылары жаңа бесжылдықтың міндеттерін жүзеге асыру жөнінде не істеді?» деген сұрақ қойды.

Үйірменің тыңдаушысы коммунист Виктор Хохлов жолдас өзінің әңгімесінде озат теміржолшылардың жұмысынан қызықты мысалдар келтірді. Кәзір бөлімшенің паровозшылары арасында поездарды бесжылдықтың соңғы жылының нормасы бойынша жүргізу жөніндегі социалистік жарыс кеңінен өрістеуде. Мұндай игілікті істің инициаторы болған А. Ясыр жолдас бастаған паровоз колоннасы кәзірдің өзінде 1955 жылдың нормасы бойынша жұмыс істеп жүр.

Осы сыяқты, әңгімеге қатысушы басқа тыңдаушылар да еңбек өнімділігінің артуы, өндірістік технологиялық процестерін игеру жөнінде көптеген мысалдар келтіріп, істегі кемшіліктер және ол кемшіліктерді жою жолдары туралы пікір айтты. Сөйтіп, тыңдаушылар өз депосының өмірінен алынған мысалдар бойынша жаңа бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау мақсатына жұмылған совет адамдарының еңбектегі зор өрлеуін толық сыйпаттады.

Енді бір мысал: үйірменің тыңдаушылары Бондаренко, Савин, Бочаров жолдастар партияның XIX съезінің халықтың материалдық әл-ауқатын, денсаулық сақтау ісін және мәдени дәрежесін арттыра беру жөніндегі директивалары бойынша өткізілген әңгімеде партия мен үкіметтің халыққа көрсетіп отырған зор қамқорлығы жөнінде тамаша фактілер келтірді. Онда жергілікті комитеттің председателі Бочаров жолдас өткен жылы бөлімшенің ондаған теміржолшылары, Сочи, Кисловодск, Қырым сияқты еліміздің таңдаулы курорттары мен санаториийлерінде дем алғанын хабарлады.

—Капитал елдерінде, —деді Бондаренко жолдас,—соғыс әртін тұтандырушылар еңбекшілер бұқарасын күйзелту жолымен барынша көп пайда табуда. Оларда ұлттық табыстың барлығы дерлік соғыс құралдарын өндіру мақсатына жұмсалып, халыққа қамқорлық жасау мүлде еске алынбайды. Бұған, мәселен, Англияда, Голландияда, Бельгияда болған үлкен су тасқыны айқын куә бола алады. Миллиардерлер су тасқынын болдырмау үшін дамбылар салуға қаражат жұмсағысы келмеді. Осының салдарынан мыңдаған адамдар күйзелушілікке ұшырады, үйсіз-күйсіз қалды.

Липин жолдастың үйірмесінде 15 адам оқыды. Тыңдаушылардың ішінде кәсіпорындарының басшылары, мастерлері, токарьлары, машинистері бар. Олар марксистік-лениндік теориямен қаруланып, өндірісте қажырлы еңбек етуде. Сонымен қабат, тыңдаушылар қоғам жұмысына белсене қатынасып, бұқарға Ленинніңі—Сталиннің идеяларын кеңінен таратуда.

Тыңдаушылардың ішінде өз жұмысының шеберлігін терең игерген өндіріс жаңашылдары аз емес. Токарь Широков жұртшылықтың құрметіне бөленуде. Ол—рационализатор және үнемі үш норма орындайды. Осы сыяқты, коммунист электросварщик Павел Панченко да бір өзі үш адамның жұмысын атқарып жүр.

Кейбір тыңдаушылар партиялық жауапты тапсырмалар орындауда. Мәселен, Лысенко жолдас —үгітші, Бондаренко жолдас—партия тарихын үйренетін жоғарғы типті үйірменің насихатшысы болып істейді.

А. АСҚАРОВ.

Коммунистердің тілегімен санаспай отыр

Өткен жылдың күзі. Сталин атындағы колхоздың коммунистері мен комсомолцестері жаңа оқу жылында партия оқуы жүйесінің түрлі буындарында оқу жөнінде тілек білдірді. Осыған қарап партия ұйымы партия тарихын үйренетін бір үйірме және саяси мектеп ұйымдастырды. Мектеп оқытушылары коммунист Измайлова және комсомолец Жапаров жолдастар насихатшы болып белгіленді.

Енді мәселе тек игілікті істің бастамасын табысты аяқтауда, коммунистер-

Алайда, Измайлова мен Жапаров жолдас алғашқы сабақтарда кездескен елеулі кемшіліктерден тиісті қорытынды жасамады. Сөйтіп, олар ноябрь, декабрь айларында сабақты белгіленген күндері емес, өздері қалаған күндері, оқта-текте ғана өткізетін болды. Солай бола тұрсада Қазанов жолдас үйірме мен саяси мектептің жұмысындағы кемшілікті елемеді. Бірақ, коммунистер бұған төзбеді. Олар Қазанов жолдастан партия жиналысын шақырып, онда коммунистердің оқуы

Измайлова жолдас басқарған үйірмеде небары 12 сабақ өтуі, Жапаров жолдас басқарған үйірмеде 14 сабақ ғана өтуі толық дәлелдейді. Саяси мектепте сабақ февраль, март айларында мүлдем өтпеді.

Коммунистер Қазанов жолдастың өзі, колхоз председателі Айсанов, оның орынбасары Тілеубаев жолдастар марксистік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілердің тізімінде бар. Бірақ, олардың бірдебірі марксизм- ленинизм классиктері еңбектерінің бетін ашып оқыған емес. Осы

Жас авиомодельшілер



Петропавлдағы пионерлер үйінің жас авиомодельшілері облыстық және республикалық жарыстарға қатысу үшін қызу әзірленуде.

Жас авиомодельшілер үйірмесінде барлығы 16 адам бар. Олар оқудан бос уақыттарында өздерінің осы сүйікті ісімен шұғылданады. Мастерскойда резиналы моторы және механикалық двигателі бар планерлер мен самолеттердің ұшатын модельдері жасалады. Үйірме мүшелері кәзірдің өзінде 14 модель дайындады. Олардың бесеуінің моторы бар.

Өткен жылы үйірме мүшелері Владимир Востров, Юрий Пашков, Владимир Шубнов және Владимир Иванов республикалық жарыстарға қатысты. Бұл жарыста Владимир Востров екінші орынға ие болып, сыйлыққа радиоқабылдағыш алды. Оның Секириннің конструкциясы бойынша жасаған самолет моделі әуеде 3 сағат 4 минут ұшты.

Комсомол мүшесі Владимир Востров үстіміздегі жылы жарысқа қатысу үшін өз конструкциясы бойынша жасаған механикалық двигателі бар самолет моделін дайындауда.

Владимир Шубнов, Н. Трученковтың чертежі бойынша моторлы самолеттің моделін жасауды аяқтап, басқа модельдер жасауға кірісті.

Үйірме мүшелері Юрий Пашков, Владимир Иванов, Валерий Чосс, Мухаряпов және басқалары ұшқыш модельдер жасап жүр.

СУРЕТТЕ: Владимир **Востровтың** өз конструкциясы бойынша жасаған двигательді модельге ұшқыш жабдық орнатып тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Әйелдер Советтері председательдерінің кеңесі

Жуырда қалалық партия комитеті қаладағы әйелдер Советтері председательдерінің семинарын өткізді. Семинарға 60-тан астам адам қатысты. Лектор Воинова жолдас семинарға қатысушылар үшін «Иосиф Виссарионович Сталин Социализмнен коммунизмге көшудің негізгі алғы шарттары туралы» деген тақырыпта лекция оқыды.

Қалалық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі Шульгина жолдас мәдени-тұрмыс мекемелерінің жұмысын жақсартуда әйелдер Советтерінің міндеттері туралы баяндама жасады.

Семинарға қатысушы әйелдер Советтерінің председательдері «Балалар арасында жазғы маусымда жүргізілетін сауықтандыру шаралары туралы» еңбекшілер депутаттары қалалық Совет атқомінің қарарымен танысты.

Баға жаңадан кемітілгеннен кейін

Кореядағы оқиғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 17 апрель. (СОТА). Корей Халық- Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін корей Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары өткен күні барлық майдандарда американ-ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы болмашы ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дивизиясының 3 самолетін атып түсірді.

КОРЕЯДА УАҚЫТША БІТІМ ТУРАЛЫ КЕЛІССӨЗДЕРДІ ҚАЙТА БАСТАУ МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЫНДА

ПЕКИН, 16 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кәсоннан бүгін Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы жариялаған мазмұндаманың текстін берді.

Екі жақтың байланыс топтары ауру және жаралы соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы келісімге қол қойғанына және екінші жақ үзіліс жасауды ұсынғанына 11 апрельден бері 5 күн өтті. Байланыс топтары штаб офицерлерінің 16 апрельдегі мәжілісінде корей- қытай жағының штаб офицерлері корей- қытай жағының байланыс тобы басшысының нұсқауына сүйене отырып, мәжілісе қатысқан екінші жақтың штаб офицерлерінің екінші жақтың байланыс тобы басшысының мынаны есіне салуды сұрады:

11 апрельде ауру және жаралы соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы келісімге қол қойылғаннан кейін корей-қытай жағы байланыс топтарының мәжілісінде уақытша бітім туралы келіссөздердегі екі жақтың делегацияларының мәжілістерін қайта бастау уақыты туралы тезінен мәселе талқылануын және бұл уақыттың белгіленуін ұсынған еді; сондықтан корей- қытай жағы осы мәселені талқылау және осы уақытты белгілеу үшін байланыс топтарының мәжілісін өткізуге екінші жақтың қашан әзір болатынын білгісі келеді. Екінші жақтың штаб офицерлері бұл өтінішті өз жағына дереу жеткізуге ризалық білдірді.

Мәжілісте екі жақ, сонымен қатар, ауру және жаралы соғыс тұтқындарын тапсыруды жүзеге асыратын топтардың қызметін бақылаудың пункттерін белгілеу туралы, сонымен қатар, Паньмыньчжондегі келіссөздер ауданында жұмысты бақылайтын күзет тағайындау туралы мәселе қарап, анықтады. 16 апрельде күндіз екі жақтың штаб офицерлері Паньмыньчжондегі келіссөздер ауданында ауру және жаралы соғыс тұтқындарына арнап екі жақ ұйымдастырған қабылдау орталықта-

дің оқуын ұйымшылдықпен жүргізуде қалды. Осыған келгенде насихатшылар да, партия ұйымының секретары Қазанов жолдас та коммунистердің тілегін естен шығарды. Міне, әңгіме осы жөнінде болғалы отыр.

Рас, оқу жылының басында үйірме мен саяси мектепте алғашқы 2—3 сабақ белгіленген күндері өтті. Бірақ, насихатшылар Измайлова мен Жапаров жолдастар неге екені белгісіз, ешбір дайындықсыз келіп, сабакта оқулықтарды дауыстап оқып беру сыяқты теріс әдіс қолданды. Бұған тыңдаушылар қатты қынжылды.

туралы арнаулы мәселе талқылауды талап етті.

Январьда болған жыйналыста коммунистер өз жұмысы жөнінде есеп берген Измайлова жолдастың сабақты кезінде өткізбейтінін, оның сабаққа дайындықсыз келіп, тінті тыңдаушыларды шатастыратынын қатты сынады.

Бірақ, не пайда, Измайлова, Қазанов жолдастар партия жыйналысының қаулысын тағы да естен шығарды. Коммунистердің оқуында ешбір өзгеріс болған жоқ. Бұл пікірімізді оқу жылы басталғалы

сыяқты, сауаттандыру мектебінің де жұмысы бетімен жіберілген.

Оқушы жолдастар бізден аудандық партия комитеті аталған партия ұйымындағы партия оқуының жайын білеме екен деп сурауы мүмкін. Біледі. Оның нұсқаушысы Рамазанов, насихатшысы Салин жолдастар Сталин атындағы колхозға ат ізін суытпай, жиі келеді. Бірақ, олар партия оқуының жайын жақсарту ісіне тиісті үлестерін қоса алмай жүр.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Булаев ауданы.

АГРОНОМИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Эспарцет—малазығындық бағалы дақыл

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында: «егіншілік бұрынғыдан да гөрі өнімді және жетілген болуға тиіс, өркендегел екпе шөбі мен дұрыс ауыспалы егісі болуға, техникалық, жемшөп, овощ дақылдары мен картоп егісі көлемінің үлес салмағы неғұрлым жоғары болуға тиіс» делінген.

Біздің облыс жағдайында шөптанапты ауыспалы егіс жүйесін кеңінен игерудің, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыруда және малазығының берік қорын жасауда зор маңызы бар. Облыс колхоздары мен совхоздарында біржылдық және көпжылдық шөпті кең көлемде егіп, мал азығының мол және тұрақты қорын жасауға болады. Бұл жылма- жылғы тәжрибеден айқын көрініп келеді. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар беде, бидайық және басқа да малазығындық дақылдарды көптеп егіп, олардан өнімді барған сайын мол алып жүр. Колхоздар мен совхоздар әрсе, беде шөбінен өнімді көп алуда.

Беде сыяқты эспарцет те малазығындық бағалы шөп. Тәжрибе станциялары бедеден алған өнімді эспарцеттен де алуға болатындығын дәлелдеп отыр. Біздің облыста эспарцеттің Қарағанды тәжрибе станциясында аудандастырылып, жақсартылған сортын егу өте пайдалы. Сортты участоктердің анықтауына қарағанда, эспарцет дақылының таза тұқымы өнімді бедеден де мол береді. Жауын- шашын, ылғал мол болған жылдары эспарцет егілген алаңнан екі рет шөп шауып жыйнауға болады.

Басқа малазығындық шөптермен араластырып егілсе, эспарцет өнімді жеке өзін сепкендегіден әлде қайда көп береді. Мысалы, 1951 жылы бидайықпен араластырылып егілген эспарцет дақылының әрбір гектарынан шөп екі есе артық жыйналды. Ғылми- зерттеу мекемелерінің анықтауынша, эспарцеттің тамыры берік, жетілген болады. Сондықтан, эспарцет егілген участоктер дәнді дақылдардың өсіп өнуіне өте- мөте қолайлы.

Эспарцет— малға өте жұғымды азық. Оны қай мал болсын сүйсіне жейді.

Біздің облыста егілетін аудандастырылған эспарцет суыққа, қуаңшылыққа төзімді келеді. Астықтұқымдасты шөптермен араластырып егілген эспарцет бұдан да төзімді. Екінші, үшінші жыл пайдаланылатын эспарцет шөбінің сапасы бедеден жақсы болады. Эспарцеттің бір ерекшелігі —тұқымдық шөпті көп береді. 1950 жылы Петропавлдың сортты тұқым участоктерінде оның әрбір гектарынан 11,2 центнерден өнім алынды. Біздің облыстың ауа райы жағдайында эспарцеттің әрбір гектарынан жылына орта есеппен 5—7 центнерден өнім жыйнауға болады.

Эспарцеттің агротехникасы онша күрделі емес. Ол беде егілетін участоктердей жерге себіледі. Ал, далалық ауыспалы егіс жүйесінде ол бидайықпен бірге парға отырғызылады. Мұндай участоктің әрбір гектарына 35—40 килограмм эспарцет және 12—14 килограмм бидайық тұқымы себіледі. Тұқым қатарлы әдіспен 4—5 сантиметр тереңдікке сіңіріледі. Эспарцетті ерте мерзімдерде сепкен жөн. Эспарцетті жазғы дәнді дақылдармен бірге бүркемелеп екпеңде ол дәнді дақылдарға көлденеңінен себіледі. Эспарцетті себуді жалпы көктемгі егіс жұмыстары басталуынан 3—5 күн бұрын аяқтау керек. Тұқымның бір мезгілде өсін, шешек атуын қамтамасыз ету үшін топырақтың үстінгі қабатына себер алдында, немесе одан кейін ағаш катоктарын жүргізіп, өңдеу қажет.

Эспарцет дақылынан таза күйінде сепкенде де, басқа шөптермен араластырып сепкенде де тұқымдық өнімді алуға болады. Дегенмен, тұқымды мол алу үшін оны таза күйінде сепкен жөн. Эспарцет тұқымы кәдуілгі қатарлы, кеңқатарлы әдістермен себіледі. Қатарлы әдіспен сепкенде оның әрбір гектарына 40—45 килограмм, кеңқатарлы әдіспен сепкенде 15—20 килограмм тұқым керек.

Эспарцеттің өсіп жетілуіне үздіксіз бақылау жасап отыру қажет. Пісіп жетілген эспарцет сабақта көп тұрып қалмай, мезгілімен жыйналып алынуға тиіс. Бұршақтарының 60—70 процент пісіп жетілгенде-ақ оны комбайнмен жыйнай бастау керек.

Өткен жылы облыста 1000 гектардан астам жерге эспарцет тұқымы егілді. Партия, совет және ауылшаруашылық органдары осы алаңдағы эспарцеттің дұрыс баптап күтіліп, бітік өсуіне барлық жағдайды жасауға тиіс. Осымен бірге, быйылғы көктемде қолда бар эспарцет тұқымын агротехникалық қолайлы мерзімдерде сеуіп, оның дұрыс өсуін қамтамасыз ету керек.

Эспарцет егілген алаңның және егілетін участоктің шөп шығымдылығын арттыру үшін оған көктемде қар суын бөгеу, ол участоктерді минералды, жергілікті тыңайтқыштармен тыңайту қажет. Бұл жұмыстар осы күннен қолға алынуға тиіс.

Эспарцет—малдың азығы бағалы, агротехникалық қолайлы мерзімдерде себілсе, ол мол өнім береді дедік. Сондықтан, оны барлық жерде ерте мерзімдерде, агротехникалық ережелерге сай себу керек. Ол үшін еңалдымен эспарцет егілетін алаңды күнілгері іріктеп алған жөн. Оның тұқымын себер алдында дайындап алу керек. Оны озат, прогрессивтік әдістермен егу қажет. Эспарцет тұқымын дайындау, оны себу жұмыстарына агрономдар қолма-қол басшылық жасауға тиіс.

Эспарцет сыяқты бағалы малазығындық дақылды кең көлемде сеуіп, облысымызда жемшөптің тұрақты және мол қорын жасайық.

Е. СОЛОГУБ,
Госсортсеттің агрономы.

ның мемлекеттік бөлшек сауда бағалары жаңадан кемітілгеннен кейін Булаев ауданының сауда орындарында сауда-саттық жұмысы бұрынғыдан да кең өрістеді. Апрель айының алғашқы 10 күнінде март айының алғашқы 10 күнімен салыстырғанда өнеркәсіп және азық-түлік товарлары

ғындағы мәдени құралдар дүкені он күн ішінде товарларды екі есе көп сатты.

Бағаның кемітілуіне байланысты еңбекшілер көп қаржы үнемдеуде. Қызметкер Зотов жолдас мәдени товарлар дүкенінен бір гармонь және бір мылтық сатып алғанның өзінде 58 сом қаржы үнемдеді.

КІТАП САУДАСЫ

Қаладағы «Қазкнижторг» дүкені ай сайын жаңа кітаптармен толықтырылып отыр. Саяси, көркем әдебиет кітаптарының көбеюімен қатар, халқымыздың мәдени тілегі де күннен-күнге арта түсуде. Мұны кітаптардың халыққа мол таралуынан көруге болады.

Мәселен, өткен тоқсанда «Қазкнижторг» дүкені облыс еңбекшілеріне 464 мың сомның кітабын сатты.

Ал, мемлекеттік бөлшек сауда бағаларының алтыншы рет кемітілуімен байланысты, облыс еңбекшілері кітапты бұрынғыдан да көптеп алуда.

Көркемөнер дарындыларының байқауына әзірлік

Қала көркемөнерпаздар коллективтері апрель айы ішінде өткізілетін көркемөнер дарындыларының байқауына қызу әзірленуде. Микоян атындағы ет комбинатының көркемөнерпаздар коллективі бұл байқауға зор әзірлік жүргізуде. Үйірме мүшелері барлық номерлерді жаңа программа бойынша дайындап жүр.

Байқауға программа бойынша ең жақсы орындаушылар таңдап алынуда.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„Сынға қысым жасайды“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 25 январьдағы санында тілші Қ. Зағыпаровтың «Іске басшылық жоқ жерде» деген мақаласы жарияланды. Онда Совет аудандағы Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің көктемгі егіске әзірлігіндегі елеулі кемшіліктер сынға алынды.

Қолхоз председателі Уәлиев жолдас газет дабылынан тиісті қорытынды шығарып, жұмыста байқалған кемшіліктерді дереу жоюдың шараларын қарастыру орнына, тілшіге жала жабу және сынға қысым жасау жолына түсті.

Аудандық партия комитеті Уәлиев жолдастың сынға қысым жасайтындығы жөнінде газетке жарияланбаған тілші хаты бойынша тексеріс жүргізіп, онда көрсетілген фактілердің толық анықталғандығын хабарлады.

Бұл мәселе бастауыш партия ұйымы жыйналысында талқыланып, Уәлиев жолдасқа партиялық шара қолданылған. Шаруашылыққа дұрыс басшылық жасай алмағаны, өзіне көрсетілген сенімді ақтамағаны үшін колхозшылардың жалпы жыйналысы Қ. Уәлиев жолдасты колхоз басқармасының председательдігінен босату туралы қаулы алған.

рын бірлесіп тексеріп шықты.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

МОНТЕВИДЕО, 16 апрель. (СОТА). Сан-Пауло қаласының жалақысы арттыруды талап етуші жұмысшыларының ереуілі штаттың басқа қалаларына да жайылуда. «Ипереиса популар» газеті Сорокаба қаласында тоқыма өнеркәсібінің 14 мың жұмысшысы ереуіл жариялады деп хабарлады. Жундиай қаласында «Рейон Матараззо» тоқыма фабрикасының 2 мың жұмысшысы және металлургия өнеркәсібінің көптеген жұмысшылары ереуіл жасауда.

Сан-Паулодағы ереуілдің ұйымшылдық сипаты барған сайын күшейе түсуде. Жақын арада ереуілге қатысушылар Сан-Паулодағы бұрынғы аэродромда көп мың адам қатысқан митинг өткізіп, онда ереуілге басшылық ететін біртұтас орталық құруға және мынадай бірлескен талаптар қоюға қаулы алынған: жалақыны жаппай арттыру, ереуілшілерге қарсы жазалау шараларын қолданудан бастарту, ереуілге қатысқаны үшін тұтқынға алынғандардың бәрін босату, т. т.

Газет Сан- Паулода және елдің басқа қалаларында ереуілшілермен ынтымақтастық нығаюда деп атап көрсетеді. Барлық жерде де ереуілге қатысушылар үшін ақша мен азық-түлік жыйналуда.

АВСТРИЯДА ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

ВЕНА, 15 апрель. (СОТА). Австрияның әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі жариялаған мәліметтерден анық болып отырғанындай, көзіргі уақытта, құрылыс мерзімінің басталғанына қарамастан, Австрияда 11 мыңнан астам жұмыссыз қалған құрылысшылар бар.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЕРТЕҢ БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ БИЛЕЙДІ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ»
Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главкинопрокат» бөлімшесі облыс экрандарында «ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ» деген көркемсуретті, екі сериялы жаңа фильм-спектакль көрсете бастады.

Фильм Ленинградтың Горький атындағы Мемлекеттік Үлкен театрының постановкасынан түсіріп алынған.

Петропавлдың Мемлекеттік сыра заводына жұмысшылар, ағаш шеберлері, тасшылар ҚЕРЕК.

Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

Адрес: Лагерь көшесі, 2-үй.

Петропавлдың аяққиім фабрикасына түпкілікті жұмысқа: инженер-экономист, бас механик, бас бухгалтер, өндіріс цехтарында жұмыс істеу үшін жұмысшылар және үйренушілер ҚЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 104-үй.

«Главмука» завод басқармасына токарь, слесарь, ағаш шебері, қаңылтыршы және жүк тиеушілер ҚЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 80-үй, кадр бөлімі.

Петропавл қаласы, Базарбаев көшесі, 172-үйде тұрушы Әбутәліп Хасанұлы Тоқтағұлов, Петропавл қаласы Дзержинский көшесі, 152-үйде тұрушы Маргарита Васильевна Тоқтағұловадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы— -39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01288. **Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібі Басқармасының ПетропавлдағыМемлекеттік № 18 баспаханасы, Ленин көшесі, № 21-үй.**